

Это знойное лето и южная зима 1937 года в Казахстане и стали точкой отсчета в литературной жизни Юрия Домбровского.

Литература:

1. Русские писатели и поэты. Краткий биографический словарь. – Москва, 2000
2. Произведения цитируются по изданию: Домбровский Ю. Статьи, очерки, воспоминания. Собрание сочинений в шести томах. – Т. 6. – М.: «Тера», 1992. – OCR Бычков М.Н. malto:bmnl@lib.ru

Мақалада өмірі Қазақстанмен көп жылдар бойы байланыста болған - жазушы, аудармашы, ақын Ю. Домбровскийдің шығармашылығы қарастырылады. Жазушының көркемдік сипаты, Қазақстанның тарыхымен және шынайылығымен байланысты зерделенеді. Онда болып жатқан әлеуметтік жаңа өзгерістер, осы көпұлтты елдегі халықтар достығы, әдеби өмірі туралы айтылады. Мақалада зор библиографиялық материалдар қолданылған. Домбровскийдің Қазақстанмен байланысты өмірі оның «Ка-

захстанская Правда» газетімен және «Литературный Казахстан» журналымен белсенді әрекетімен сипатталады. Домбровский елдің мәдениетін тереңірек зерттеді. Оның Қазақстанға арналған еңбектері толық шығармаларының алтыншы томында жинақталды. Қазақстанмен байланысты еңбектері - «Державин» повесі, «Хранитель древностей» және «Факультет ненужных вещей» романдары.

Y. Dombrovsky's works come under review in this article. The writer, the translator, the poet, whose many years of life are connected with Kazakhstan. The art manner of the writer, his communication with reality and history of Kazakhstan, social transformations occurring, friendship of the people in this multinational country, literary life are investigated. In this article the rich bibliographic material is used. The Kazakhstan period of Dombrovsky life includes active cooperation, publications and sketches with the newspaper «Kazakhstanskaya Pravda» and with the scientific magazine «Literaturnyi Kazakhstan». Dombrovsky became thoughtful, diligent researcher and attentive to the culture of the country in which he appeared of the will of circumstances, The works devoted to Kazakhstan, were included all complete works, in the last, sixth volume of his works. Y. Dom-brovsky's works – the story "Derzhavin", the novels «Hranitel Drevnostei» and «Fakultet Nenuzhnyh Veshei» are connected with Kazakhstan.

Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дисфемизмдер

А. Е. Мамаева

Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада халық ауыз әдебиетінің дисфемизмдер қарастырылады.

Қай халықтың лексикасы болмасын оның ұзақ уақыт басынан өткен тарихымен, тұрмыс-салтымен, шаруашылығымен тікелей байланысты. Тіліміздегі барлық сөздер халқымыздың өнері мен білімі, ұлттық дүниетанымы мен көзқарасы. Халықтық лексикада жағымды-жағымсыз эмоциялар, өкініш пен сүйініш сезімдері жақсы сақталған. Сөз тағдыры да халықтың тағдыры іспеттес талай-талай замандарды басынан өткерген. Ана тіліміздің лексикасы замандар бойы жасалып, танылып, дамып отырады. Осыған орай сөз зергері Ғ. Мүсірепов айтқандай: “Қай халықтың болса да өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да бе-

реді. Тіл диалектикасы жасаған сайын жасара береді. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі” [1, 151 б.]. “Әдеби тіліміз нәр алып сусындаған сансалалы бұлақ бар, солардың ішіндегі ең бір сарқылмасы деп халық тілін атасақ лайық”, – деп жазады тілші-ғалым С. Омарбеков. Не ықылым замандар бойы атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған қазақтың халық тілі – әдеби тіліміз дамуының барша кезең-кезеңдерінде де оның қуат алар қайнар көзі болып келгені аян. Қазақ әдеби тілінің өткені мен бүгінгісіне, тарих көгінде ол кешкен ұзын-сонар соқпақтың бүкіл бұралаң-бұлттарысына көз жүгіртіп бақсақ, оның қалыптасуы мен кемелденуіндегі басты ұйтқы, түп қазық халық тілі екенін айқын сеземіз. Әдеби тіліміздің тұңғыш кескін-кейпін нұсқалаған шебер де, оның жаңа

дәуір талабына анық биік бел-белестерге көтерілуіне қозғау салған пәрменді күш те халық тілі. Стильдік өріс-орамы мейлінше кең сөз өнерінің таусылмас қазынасын еншілеген қазіргі әдеби тіліміздің қол жеткен табысы, абзалында, халық тілімен сабақтас. Толғауы тоқсан қызыл тілді шын қастерлеп, оны өнер танып өскен халқымыз сөз жиһазының не тамаша асылын жинап, көкейіне түйе білген, кейінгіге нұсқау қалдыра білген.

Сан ғасырлар бойы халқымызбен егіздің сыңарындай бірге жасасып келе жатқан ана тіліміз ұзақ-ұзақ тарихы бар, ежелден ірге теуіп орныққан дәстүрі бар тіл. Халықтың ауыз әдебиетінің өрен үлгілерінен, өткендегі аты әйгілі ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан, бүлбүлдай сайраған шешендер өнерінен бүгінгі әдеби тіліміз мұрас еткен қыруар сөз байлығы, сөз саптау машығы халықтық тілімізде есте жоқ ерте замандардың өзінде-ақ берік дәстүрдің болғандығының кепілі” [2, 3 б.].

Демек, ана тіліміз адамзат қоғамының ұзақ тарихын басынан өткерген, қиындақилы сәттерден аман-сау қалған қасиетті тіл. Халқымыз өмір сүрген бұрын-соңды замандарда мал мен жан үшін ғана емес, арнамыс үшін де талай айтыс-тартыстар болған. Халық керекті жерінде тіпті дөрекі, тұрпайы сөздерді де орынды пайдаланып жеңіске жетіп отырған. Адамдардың мінез-бітіміне, тағдыр-талайына, іс-әрекетіне байланысты айтылған дисфемизмдер осындай жағдайларда пайда болған.

Тіліміздегі дисфемистік атаулар көшпелі өмір салтымен, өмір сүру тәсілімен тікелей байланысты. Дисфемизмдер – салтымыздың, әдет-ғұрпымыздың болмысынан шығып, тілімізде көрініс тапқан, ұғымдық атаулар десек те болады. Барлық халықтың жазба әдеби тілі ауызекі тілден нәр алып, халық ауыз әдебиетінен бастау алады.

Дисфемизмдердің қайнар көздері халық ауыз әдебиетінің маңызы туралы М. Фабуллин, Б. Ысқақов былай дейді: “Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті. Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі,

қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтелдер, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту түрінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз” [3, 3 б.].

М. Горький: “Қаһармандардың көркемдік жағынан жетілген, ең терең, ең айқын кейіпкері – еңбекші халықтың ауыз әдебиетінде жасалады”, – дейді [4, 179 б.].

Дисфемизмдер халық ауыз әдебиетінде көбірек ұшырасады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дисфемизмдер ұлтымыздың болмысы мен дүние танымы, руханияты мен мәдениеті, тіршілігі мен тұрмысынан көрініс табады. Қазақ ауыз әдебиетіндегі дисфемизмдер әр түрлі жағымсыз эмоциялық мән тудыру үшін қолданылған. Дисфемизмдер халық ауыз әдебиетінің барлық түрінде де кездеседі. Дисфемизмдердің жиі ұшырасатын жері – халық мақалдары, аңыздар, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыстар.

Адамгершілік пен адамдықты мақтай отырып, осы қасиеттерге қарама-қарсы екі жүзділік, арамдық, өтірік-өсек, сөзуарлық, жалқаулық сияқты мінез-құлықтарды сынайды, аяусыз әшкерелейді. Осы ретте халық мақал арқылы өз ойын кейде анайы, тұрпайы түрде де айтып отырған.

Мысалы: *Дарақының күлкісі қанбас; Жалқаудың ұйқысы қанбас; Аңқау елге арамза молда; Жасыңда қылжың болсаң, қартайғанда мылжың боларсың; Қараша қауыс, кәрі-құртаңды тауыс; Былшылдамаса мылжыңның іші пысады; Біреу мылжың дей ме деп зәресі ұшады; Ат жаманы тайменен ойнар, қатын жаманы байымен ойнар; Құдай ошақтың үш бұтынан берсін.* (Мақал-мәтелдер).

Халық тұрмысының айнасы болған мақал-мәтелдерде қоғамдық топтар мен адамдар арасындағы кейбір қарым-қатынастар, тартыстар, қайшылықтар көрінеді және олар дисфемизмдер арқылы айқындала түседі.

Дисфемизмдер аңыз әңгімелерде де кездеседі. Елдегі байлардың сараңдығы мен

қомағайлығын, мыңдаған малы болса да, ішетін тамақ, киер киімге жарымай өткен өмірін мысқылдап, мазақ етуде дисфемизмдердің рөлі ерекше. Мысалы: “Сөз жүйесін тапса” деген аңызда мынадай жолдарды кездестіруге болады. *Он төрт жасар қорғансыз қойшы баланың арызына немқұрайды қарап, қырсыққан қыңыр би: – Жеті жылдан бері жағың қарысып жүрдің бе? Байда бірдеңе білетін шығар, сегіз жасыңнан бергі киген киімің мен ішкен тамағыңды ақыға айналдырған болар, –* деп зорлықшыл байды қорғаштап сөйлейді.

Дисфемизмдердің шешендік өнерде де алатын өзіндік орны бар. Оның мәнісі бірқатар жағдайда ащы шындықты айтуда бұл тілдік құрал үлкен қызмет атқарады.

Дисфемизмдер қазақ ауыз әдебиетінде шешендік сөздер саласында да мол. Бұл түр көбіне сөзбен қақтығысып, пікір аңдысып отырғанда, даукер боп жүйеге жүгінгенде, немесе үстем тап өкілдерінің кекетіп-мұқатып ұрынуына жауап беру үстінде туады. Сол аңдысуда жеңіп, дауда істі өз пайдасына шешіп, тиіскен шонжарды шоққа отырғызып кету үшін шешендік сөз шенемей, түйремей тұра алмайды.

Лиро-эпостық жырлардағы дисфемизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігіне, үйлену салтына, әдет-ғұрпына байланысты пайда болған. Жоғарыдағы асты сызылған дисфемизмдер ішкі сезім, қуаныш пен мұң, қайғы-шерді айқын суреттеу үшін таптыртпайтын тілдік құрал.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан тағы бір үлкен саласы – айтыс. Айтыс өлеңдеріндегі халықтық дисфемизмдер халқымыздың басынан кешірген әр замандағы тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына мәдени өмірі мен шаруашылығына байланысты пайда болған. Дисфемизмдер, көбінесе, айтыс ақындарының жөнү құралы ретінде бір-бірінің кемшіліктерін бетіне басу үшін қолданылған. Мысалы: Мырзан би мен Тайбан бидің шешендік айтысында мынадай жолдар бар:

– *Ей, Мырзан!*

Жалқы жігітше жалбаңдай берме,

Жарлы жігітше жалтаңдай берме.

Құлағы жоқ, шұнақ Мырзан,

Құйрығы жоқ, шолақ Мырзан (Айтыс).
Дисфемизмдер қазақтың қара өлеңдерінде де кездеседі.

*Жаманның жемтік түссе жүргегіне,
Жолдасының қарамас өлгеніне.*

Мұндағы жемтік сөзі олжа, табыс мағынасында жұмсалып тұрған дисфемизм.

*Өлеңімнің басы еді быжық-тыжық,
Басы быжық болғанмен арты қызық.*

Осы жолдардағы *быжық-тыжық*, *быжық* дегендер ауыспалы мағынада келіп дисфемизмдердің міндетін атқарып тұр. Тура мағыналары: *жамау-құрау* дегенді білдіреді.

Сөйтіп, халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дисфемизмдер ұлтымыздың болмыс-бітімі мен дүниетанымын, мәдениеті мен руханиятын, тіршілігі мен тұрмысын айшықтауға айтарлықтай көмектескен. Жоғарыдағы мысалдардан көрінетіндей дисфемизмдердің мағыналық өрісі мен қолданыстық қызметі күшті, ауқымды болған. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дисфемизмдерді сонау көне замандардан бүгінге дейінгі аралықта жан-жақты дамыған тілдік құбылыс деп тануымыз.

Қолданылған дисфемизмдердің мағынасынан байқағанымыз, сол заманның өзінде халыққа таныс суреттерді көзге елестету арқылы, адамдардың іс-әрекеті, мінез-кұлқын шендестіру арқылы көрсетіп, айтпақ ойын, өмірден білген-түйгендерін баяндау арқылы ашық жеткізіп отырған.

Қорыта келе, дисфемизмдердің өзекті түстары әлі де көп, оларды кең көлемде қарастырып, зерттеу-болашақтың ісі дейміз.

Әдебиеттер:

1. Мүсірепов Ф. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Мектеп, 1966. – 151 б.
2. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1966. – 130 б.
3. Ғабдуллин М., Ысқақов Б. Халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 3 б.
4. Горький М. Әдебиет туралы жазушылардың Бүкіл одақтық I съезіне жасаған баяндамасы. – Алматы: Ғылым, 1954. – 179 б.

* * *

В данной статье рассматриваются дисфемизмы устной народной литературы.

* * *

The dispemizm of oral kazakh people's literature is dealt in this article.